



# Кітапхана хандығы – кітап оның байлығы

**Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде жыл сайын наурыз айында өтетін дәстүрлі «Балалар кітаптарының апталығы» мерекесі болып өтті. 1943 жылдан бастап тойланып келе жатқан балалардың үлкен кітап мейрамы. Бұл мерекені оқырмандар жылда асыға күтеді.**

Кітап апталығының жоспары алдын-ала жасалынып, бүкіл қала мектептеріне таратылды. Бұл мерекенің басты мақсаты оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, кітаптың адам өміріндегі пайдасы мен маңыздылығын ұғындыру және кітапхана қорына түсіп жатқан жаңа әдебиеттерді жарнамалау. Апталықтың әрбір күні арнаулы тақырыппен өтті. «Кітапхана хандығы – кітап оның байлығы» тақырыбымен іс-шаралар 11-15 наурыз аралығында жүргізілді.

Мерекенің бірінші күні салтанатты түрде ашылды. Кітапханашылар оқырмандарға «Ақылды кітап» атты көрініс көрсетіп, оқушылармен қызықты танымдық ойындар ойнатылып, әннен шашу шашылды.

Мерекенің екінші күні Сейіт Кенжеахметұлының 85 жылдық мерейтойына орай «Сейіт қазынасы – тәрбиенің алтын кілті» атты танымдық сағат Шоқан Уәлиханов атындағы № 1 жалпы білім беретін мектебінің оқушыларымен өткізілді. Іс-шара барысында жазушы-сатирик, этнограф С. Кенжеахметұлының шығармалары қазақы тәрбиенің алтын көзі екенін түсіндіре отырып, шығармалары оқырмандарға кеңінен насихатталды. Түрлі заманауи ойындар ойнатылып, қызықты сұрақтар қойылды.

Мерекенің үшінші күні «Бір ел – бір кітап» республикалық акция аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай «Бала жанының бағбаны» атты әдеби-ойын Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы білім беретін мектеп оқушыларымен өткізілді. Іс-шараны өткізудегі мақсатымыз оқырмандарға Б. Соқпақбаевтың өмір жолы мен жазушылық қызметінен мәліметтер бере отырып, әлемге танылған әйгілі шығармасын насихаттау. Оқырмандарға «Менің атым Қожа» фильмінен кітапхана қызметкерлері көрініс қойып балаларды қуанышқа кенелтті.

Балалар кітап апталығының төртінші күні «Наурыз – мерекем, Наурыз – берекем!» атты фольклорлық мереке ұласты. Айтулы мерекеге «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің психоневрологиялық ауруы бар мүгедектігі бар балалардың күндізгі болу бөлімшесінің тәрбиеленушілерімен өткізілді. Оларға Наурыз мерекесінің қасиетін ұғындырып, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерді сахналық қойылым арқылы түсіндіріп, оқырмандарға қазақтың салты бойынша «Сырға салу» рәсімі көрсетіліп, ұлттық ойындар ойнатылып, ән мен биден шашу шашылды. Мерекелік дастарханнан Наурыз көжеден дәм татып, алғыстарын білдірді.

Бесінші күні «Ертегілер әлемінде» атты ертеңгілік «Ақбота», «Алпамыс», «Раушан» бөбекжайы бүлдіршіндерімен өткізілді. Мерекелік шарада балалар ән салып, би билеп, кітап туралы тақпақтарын айтып өз өнерлерін ортаға салды.

Қосымша білім беру орталығынан келген «Көңілді балалар» қуыршақ үйірмесі «Күшік, мысық және тышқанның достығы» және «Алпамыс» бөбекжайы бүлдіршіндері «Қолғап» ертегілерінен қойылымдар көрсетті.

Апталыққа демеушілік жасап, оның лайықты өтуіне үлкен үлес қосқан «Дастархан» дүкені, «Роза» жеке шаруашылығы иелеріне алғысымызды білдіреміз.

Бір аптаға жоспарланған балалар кітап мерекесіне қатысып белсенділіктерін танытқан оқырмандарымыз тәтті сыйлықтар мен марапаттарға ие болды. Балалар кітап апталығынан кейін оқырмандар саны көбейе түсті. Себебі жаңадан келіп түскен кітаптарға және мерзімді басылымдарға да шолу жасалынып, оқырмандарымыздың кітап оқуға деген қызығушылығы артып, жаңа кейіпкерлермен танысып қуанышқа бөленді.

Елзада БАҒДАТҚЫЗЫ,  
№ 2 ОӘФК  
балалар әдебиеті бөлімінің  
қызметкері